

Қарағанды медициналық интерколледжі

АРАЛЫҚ МИ, ОРНАЛАСУЫ, ҚЫЗМЕТІ, ҚҰРЫЛЫСЫ

Дайындаған; Тукенова П.А

Тексерген: А . Жұмағалықызы

- **Аралық ми** (көне грекше: dienserphalon, көне грекше: dia - аралық; көне грекше: enkerphalon — ми) — пішіні сақина тәрізді үшінші ми қарыншасынын (қуысының) қабырғасын құрайтын ми діңгегінің алдыңғы бөлігі.


○ **Аралық ми үшке бөлінеді:**

- 1) **Таламус** — көру төмпешігі.
- 2) **Гипоталамус** — төмпешік асты құрылым.
- 3) **Эпиталамус** — төмпешік үсті құрылым.
- Барлық құрылымдар ми қарыншасын жан – жағынан қоршап оның қабырғасын құрайды. Сондықтан бұлардың қызметі гипоталамусқа қарыншаны толтырған сұйықтық, қанда еріген заттар, гормондар тікелей әсер ете алады.
- **Эпиталамус** – эпифизден тұрады. Таламус көп ядролы. Ол ми қыртысына сезім серпіндерін өткізеді. Гипоталамус ішкі ағзалардың қызметін жүйке, қан арқылы реттейтін көп ядролы құрылым.

АРАЛЫҚ МИ


Ортаңғы ми мен ми сыңарларының арасында аралық ми орналасқан. Аралық ми төмпешіктен - таламус және төмпешік асты аймақтан – гипоталамустан тұрады.

Төмпешіктің құрамына шығу тегі және функционалдық жағынан өзгеше бірнеше ядролар кіреді. Төмпешік ми қыртысымен екі жақты байланыста болады. Ядроларда барлық эфференттік жүйелерден үлкен жарты шарлар қыртысына баратын өткізгіш жолдардың ақырғы звеносының нейрондары орналасады. Таламус арқылы мидың барлық сезгіш жолдары (иіс сезуден басқа) өтеді. Бірақ, оны жай ғана өткізгіш қақпа ретінде қарастыруға болмайды. Таламуста импульстер өзгеріп, жаңа, түрлі комбинацияға түседі. Таламус төменгі түйсік пен эмоцияны жасауға қатысады.



Аралық ми

- ▶ Барлық рецепторлардан (көру, есту, тері, дәм сезу) үлкен ми сыңарларының қыртысына түседі.
- ▶ Жүру, жүзу сияқты күрделі қозғалғыш рефлексстердің реттелуі.
- ▶ Зат алмасуды, су мен тамақ ішуді, дененің тұрақты температурасын сақтауды реттейді.



Аралық ми

Аралық ми

Таламус

Таламус арқылы мидың барлық сезгіш жолдары (иіс сезуден басқа) өтеді. Бірақ, оны жай ғана өткізгіш қақпа ретінде қарастыруға болмайды. Таламуста импульстер өзгеріп, жана, түрлі комбинацияға түседі. Таламус төменгі түйсік пен эмоцияны жасауға қатысады.

Гипоталамус

Гипоталамус ортанғы мидан өсіп жетілген. Гипоталамус жоғары дәрежелі вегетативтік орталық болып саналады. Мұнда зат алмасуың, жылу түзілуді, жылу беруді, тер бөлуді, аштық және шөл сезімдерін, барлық ішкі мүшелердің қызметін реттеу орталықтары бар

Гипофиз

гипоталамуста нейросекреттер түзіліп, гипофиз безінде белсендіріледі. Гипоталамус ішкі секреция қызметін реттеуге қатысады. Ол адамның ұйқысы мен сергектігін реттеуге де қатысады.

Түссіз ядро көру төмпешігінен орталыққа тепкіш импульстер қабылдап, қызыл ядроға орталықтан тепкіш импульстер береді. Сондықтан қызыл ядро тудыратын ет тонусын тежей алады.

